

Бекітемін
С.Оразалин атындағы ЖОББМ
директоры: Дошаев А.А.



«Алақай» балалар театр үйірмесінің жылдық жоспары.

Жетекшісі: Жахина Айдана.

2022-2023 оқу жылы.

Түсінік хат

Үйірме - бұл мұғаліммен оқушының сабақтан тыс баланың жаңа қырларын ашу, белгілі бір жетістіктерге қол жеткізу мақсатында жұмыстанатын қосымша уақыты. Бұл оқушыларды ізденімпаздыққа баулиды, өз-өздерін тануға мол мүмкіндік береді. Тапсырманы орындау, өздерінің идеяларымен бөлісу оларды шығармашылық тұрғыда дамытады.

Театр үйірмесінде балалар еркін жұмыс жасауға арналған ойындар, дене қозғалысын жеңілдетуге арналған жаттығулар жасайды және сөйлесу мәдениетін қалыптастыра отырып, қысқаша поэзия, проза сияқты әдебиет жанрларынан өз қалауларына жии-жиі үзінділер оқып, жаттап үйірме барысында шығармашылыққа бір табан жақындайды. Міне осылайша эстетикалық жағынан мәдениетті, талғамы жоғары оқушы бола білуді үйренеді.

Сонымен қатар үйірме жұмысы оқушылардың бір-бірімен тіл табыса білуді, өз ойларын, білімдерін ортаға салып, өз білгенін басқалармен бөлісе білуге үйретеді. Мұғалім көмегімен жас әртістер өз рөлдерімен жұмыс істейді, сөздерін жаттайды, оның дұрыс оқылуына баса назар аударып, мимика, интонация тазалығын дәл келтіре отырып көркем образды ашады.

Біздің өмір сүріп жатқан заманымыз ғаламтордың қарыштап дамыған кезеңі. Бұның біз үшін жақсы жақтары көп. Алысты жақындатып, жер шарының түпкір-түпкірімен байланыстырып, мұхиттың арғы жағынан хат-хабар алысуға мүмкіндік берген осы ғаламтордың кей кездері кері әсері де бар-ау деп те ойлап қаласың. Олай дейтін себебім ауызекі сөйлеу барысында көптеген қиындықтарға ұшырап жатамыз.

Дұрыс сөйлеп, сөзді сезіне білу үшін дұрыс ойлап, ойды жүйелеу керек. Ал осы дағдыларды балада қалыптастыру үшін қосымша үйірмелерге беріп, таланттарын ашуға мүмкіндік жасау керек. Осы орайда театр үйірмесінің балаға берері мол. Өзіне берілген әр рөлді сомдау барысында бала эмоциясын білдіріп, ішкі сезімдерін сыртқа шығару арқылы танымын кеңейтіп, ойындағысын айтып, ішкі ойларын сөзбен қоса іс-қимыл арқылы қасындағы адамға жеткізе алады. Міне, осыдан барып бірте-бірте бала ашылады. Бала кез келген уақытта өзіне тапсырма берілген кезде тез жинақталып сөзбен не болмаса қимылмен болсын ойын анық, түсінікті жеткізе алса, ол бала үшін үлкен жетістік. Баланың осы арқылы сенімділіктері артып, шығармашыл болып басқа қырлары таныла бастайды. Қосымша үйірмелер балаға осы үшін қажет.

Үйірме жетекшісі ретінде жыл соңына дейін балаларға театрдың не екенін, оның қандай түрлері болатынынан хабардар етіп, сахна мен көрермен залында өзін-өзі ұстау ережелерімен таныстырып, өзінің өмірдегі құбылыстарға қатынасын сахнада көрсетуді, бейнелі ойлауды, өзін сахна кеңістігінде сезінуді, кейіпкермен сөйлесуді, ұжыммен жұмыс жасауды үйретемін. Сондай-ақ, артық ұялшақтықтан «сыртқы көзқарастан» қысылудан арылады, тіл табысқыштық, ашықтық, қоршаған ортаға қамқорлық, ұжым алдындағы жауапкершілік қасиеттерін алады.

Мақсаты:

- оқушылардың рухани дүниесін байыту;
- азаматтық тәрбие беру;
- адамгершілік, эстетикалық, көркемдік тәрбие беру;

Міндеті:

- көркем әдебиетті оқуға деген қызығушылығын арттыру;
- актерлік шеберлігін қалыптастыру, дамыту;
- жеке тұлғаның эмоциялық мәдениетін қалыптастыру;

Жаңашылдығы:

- бағдарлама театрлық ойын әрекетінің құралдары жүйеленген, балалар шығармашылығының түрлі жанрлары театрлық көрініске ене отырып іске асуына негізделген.

Күтілетін нәтижелер:**Оқу жылының аяғына қарай білім алушы:****Біледі:**

1. Театр деген не?
2. Театр басқа өнер түрлерінен несімен ерекшеленеді?
3. Театр өнері қалай пайда болды?

Театрдың қандай түрлері бар?

(Қуыршақ, драмалық, опера, балет, музыкалық комедиялар, халықтық)

4. Театр қойылымдарын (спектакльдерді) кімдер жасайды

Түсінігі болады:

1. Сахнаның негізгі техникалық құралдары жөнінде
2. Сахнаның безендірілуі жөнінде
3. Сахна мен көрермен залында өзін-өзі ұстау ережелі туралы
4. Шешендік сөз, сөйлеу мәдениеті

Үйренеді:

1. Өзінің өмірдегі құбылыстарға қатынасын сахнада көрсетуді
2. Бейнелі ойлауды
3. Көркем әдебиетті сүйіп оқуды
4. Назарын ой тізбегіне аудара білуді
5. Өзін сахна кеңістігінде сезінуді

Таланттарын үстемелейді:

1. Кейіпкерлермен сырласу (монолог)
2. Қарапайым актер шеберлігі
3. Қоршаған әлемді бейнелі қабылдау
4. Сыртқы зиян келтірушілерге дәл, бейнелі әсер ету
5. Ұжыммен жұмыс

**«Алақай» балалар театр үйірмесінің жылдық жоспары
2022-2023 оқу жылы**

№	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
1	Кіріспе. Үйірменің жұмыс жоспарымен таныстыру. Үйірмеге қатысушылардың тізімін жасау.	1	6.09	
<i>Сөйлеумәдениеті мен техникасы</i>				
2	Театр өнерінің табиғаты	1	7.09	
3	Театр өнерінің негізгі принциптері	1	8.09	
4	Театр өнерінің негізгі принциптері	1	13.09	
5	Театр-синтетикалық өнер	1	14.09	
6	Театр-синтетикалық өнер	1	15.09	
<i>Сымбаттылық, икемділік</i>				
7	Психофизикалық тренинг, этюдке дайындық. Сымбат пен	1	20.09	
8	жүріс әсемдігін меңгеру.	1	21.09	
9	Сахналық «Көрерменге сөйлеу» этюдін үйрену. («Танысу»,	1	22.09	
10	«Тілектілеу», «Айна»).	1	27.09	
<i>Театральдық ойын</i>				
11	Театр құрылымымен, оның негізгі мамандары: актер,	1	28.09	
12	режиссер, сценарист, суретші, гримермен танысу. Сахналық	1	29.09	
13	этиюд «Театр мамандарын» үйрену.	1	4.10	
14	Театр-ұжымдық өнер	1	5.10	
15	Актерлік өнердің негіздері	1	6.10	
16	Қойылымның сценариймен танысып үйрену.	1	11.10	
17	(Ана. Жер-Ана)	1	12.10	
18	Рольдегілердің мінез-құлық, түр, түс ерекшелігіне (сыртқы	1	13.10	
19	бейнесі мен дауыс мәнерін және т.б. ескере отырып) қарай	1	18.10	
20	соған сай келетін оқушыларды рольдерге бөлу.	1	19.10	
21	Театр әлеміне саяхат	1	20.10	
22	Театр әлеміне саяхат	1	26.10	25.10
23	«Өз болашағың – өз қолыңда» сахналық	1	27.10	к.о
24	қойылымының мазмұны, талдау және түсіндіру.	1	8.11	
25	«Өз болашағың – өз қолыңда» кейіпкерлермен танысу,	1	9.11	
26	мінездеме, рөлдік тапсырмалар беру	1	10.11	
27		1	15.11	
28	Сахналық қойылым тандау	1	16.11	
29	«Түс» сахналық қойылымының мазмұны	1	17.11	
30	Сахналау	1	22.11	
31	Іс- әрекетті талдау	1	23.11	
32	Үйірмені сырттан бақылаушылармен және қатысушылармен	1	24.11	
33	бірге талдау жұмысы (келесіде қайталанбауға тиісті жіберілген кемшіліктері).	1	29.11	
<i>Әдеп пен мәдениет</i>				
34	Отанға, балалық шаққа, кәрілікке, ата-анаға, нанға, білімге,	1	30.11	
35	өз-өзіне және барлық білмейтін нәрсеге сыйластық қарым-	1	1.12	
36	қатынас.	1	6.12	
37	Сахналық этиюд «Театр ілгіштен басталады, ал, әдеп	1	7.12	
38	«сиқырлы» сөздерден басталады»	1	8.12	
39	Жағымсыз қылық, іс-әрекеттердің зияны	1	13.12	

40	Сахна төрінде қойылым дайындау	1	14.12	
41	Қойылымды сахналау	1	15.12	
42	«Тәуелсіздікке 30 жыл»	1	20.12	
43	«Әдеп пен мәдениет»	1	21.12	
44	Шығармалармен танысу.	1	22.12	
45	Тілдік сөйлеу қызметін дамытуға арналған түсініктер	1	27.12	
46	Жаңа жылдық қойылымдар сахналау	1	28.12	
47	Жаңа жылдық қойылымдар сахналау	1	29.12	
48	Жылды қорыту	1	10.01	
<i>Қимыл-қозғалыс икемділігі</i>				
49	Қимыл-қозғалыстың икемділігіне дайындық.	1	11.01	
50	Қимыл-қозғалыстың икемділігіне дайындық.	1	12.01	
<i>Сахналық этюд</i>				
51	«Жарнама», «Қайшылық», жұптық сахналық	1	17.01	
52	этюдтер	1	18.01	
<i>Театральдық ойын</i>				
53	Мәтіндегі ойға сөздік іс-әрекет. Сөйлеу мен дене әрекеті	1	19.01	
54	(дене мен сөйлеу жұмыстарын елестету, жасау, ой қимыл икемділігі арқылы ашылады)	1	24.01	
55	Байқау қабілетін дамыту. Өз бақылауы негізінде этюд	1	25.01	
56	көрсету. (Адам мінезін, оның қоршаған ортаға қарым-қатынасын түсіну мен түсіндіру).	1	26.01	
57	Артикуляция мүшелерімен, дикциямен (мәнер) және	1	31.01	
58	орфоэпиялық ережелермен танысу жұмыстары. Мақал-мәтелдер мен жаңылтпаштар арқылы жаттығу	1	1.02	
59	Кейіпкермен жұмыс. Бет әлпет мимикасымен жұмыс жасау, талдау..	1	2.02	
60	Шашүлгісі мен париктер	1	7.02	
61	Қойылымның сценарийімен танысу	1	8.02	
62	Оқушыларды бет-әлпет, мінез-құлық, дауыс мәнері ерекшеліктеріне қарай рольдерге бөлу. (сырт бейнесі, және т.б. сай келуі ескеріледі.	1	9.02	
63	Жекелеген көріністермен дайындық.	1	14.02	
64	«Сахнадан сәлем» фестиваль-байқауы	1	15.02	
65	Пантомимикалық іс-әрекеттермен дайындық. Афишалар	1	16.02	
66	дайындап үйрену.	1	21.02	
67	Сахналық безендірумен, костюмдермен, музыкалық	1	22.02	
68	әрлеумен бірге күрделі дайындық жұмысы. Диклорация дайындығы	1	23.02	
69	«Аналар-асыл бағым» қойылымын көрермен алдында сахналау	1	28.02	
70	Сахналанған қойылымды талдау	1	1.03	
<i>Сөйлеу мәдениеті</i>				
71	Сөйлеу - адам бейнесі мен оның тартымдылығын құрайтын негізгі бөлік	1	2.03	
72	Сөйлесу ережесі мен өзін-өзі ұстау тәртібінің	1	7.03	к.о 8.03

73	ережесі (Сахналық этюдтер қою)	1	9.03	
74	Сахналық этюдтер:Қоғамда, Үйде, отбасында	1	14.03	
75	Диалог – жануарларға дыбыстық еліктеу мен олардың дыбысын салу. (Өтеш –тауық, шошқа – сиыр, арыстан – қой, ит- мысық, екі маймыл, үлкен ит- кіші ит)	1	15.03	
76	«Театрдың ғажайып әлемі»	1	16.03	
77	Байқауларға қатысу	1	28.03	
78	Оқушылардың сұрауы бойынша рольдерге бөлу. Костюмдері мен сахналық безендірулерді әңгімелеу. Аңдардың бетпердесін дайындау.	1	29.03	
79		1	30.03	
80	Рольдерін ойнау, дайындық.	1	4.04	
81	«Алтын жұмыртқа» ертегісі.	1	5.04	
82	Күрделі дайындық	1	6.04	
83		1	11.04	
84	«Найман-ана» сценарий дайындап, рольдік тапсырмалар беру	1	12.04	
85		1	13.04	
86	Сахналық безендірумен, костюмдермен, музыкалық әрлеумен бірге күрделі дайындық жұмысы.	1	18.04	
87	«Найман-ана» сахналық көрінісін көрермен назарына ұсыну	1	19.04	
88		1	20.04	
89	Сахналанған қойылымды талдау	1	25.04	
90	Талдау	1	26.04	
91	«Бір атаның балалары» сценарий дайындап, рольдік тапсырмалар беру. Сахна төрінде қойылым дайындау	1	27.04	
92		1	2.05	
93	Күрделі дайындық жүргізу	1	3.05	
94	«Соғыс қасіреті» сахналау	1	4.05	
95	«Соғыс қасіреті» кейіпкерлеріне талдау, мінездеме беру .	1	10.05	09.05 к.о.
96	Үздік актерды анықтау	1	11.05	
97	«Театр- балалар көзімен» эссе байқауы	1	16.05	
98	Мадақтау. «Үздік эссені» анықтау	1	17.05	
99	Есеп беру	1	18.05	
100	Жұмысты талдау. (Оң, теріс жақтары).	1	23.05	
101	Театральдық ойын	1	24.05	
102	Сөйлеу мәдениеті	1	25.05	
103	Біржылдың жұмысын қорытындылау	1	30.05	
104	Қорытынды	1	31.05	